

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің
Абая

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

5 (399)

SEPTEMBER – OCTOBER 2022

ALMATY, NAS RK

БАС РЕДАКТОР:

ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы, PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Ләззат Мықтыбекқызы, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н = 2**

ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

№ 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022
Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович, PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 2**

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 4**

ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

ШИШОВ Сергей Евгеньевич, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

СЕМБИЕВА Лязгат Мыктыбековна, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

РЫЖАКОВ Михаил Викторович, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Собственник: ООО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

EDITOR IN CHIEF:

TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

BILYALOV Darkhan Nurlanovich, Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

SCIENTIFIC SECRETARY:

ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

EDITORIAL BOARD:

SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

LUKYANENKO Irina Grigor'evna, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

SHISHOV Sergey Evgen'evich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

ABILDINA Saltanat Kuatovna, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

RYZHAKOV Mikhail Viktorovich, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print).

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 399 (2022), 19-32
<https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.355>

ӘОЖ 378.091.12
ҒТАМА 11.25.41

Н.С. Әлқожаева¹, Қ.Б. Жұмабекова¹, Г.Қ. Шашаева^{2*}, Р. Жәлиқызы³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы;

²Халықаралық бизнес университеті, Қазақстан, Алматы;

³ҚР Ұлттық ғылым академиясы, Қазақстан, Алматы.

E-mail: rosh85@mail.ru

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДАУ

Аннотация. Болашақ педагогтарды инновациялық қызметке даярлау мәселесі жоғары педагогикалық білім беру жүйесі үшін маңызды болып табылады, өйткені әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелері болып жатқан инновациялық процестердің барлық алуан түрлілігін түсінуге қабілетті мамандарды қажет етеді. Педагог инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға әрқашан дайын болуы керек, себебі білім беру саласындағы кез-келген инновациялар, педагогикалық ұжымның барлық ішкі мүшелерімен қабылданып, қолдау тапса, жүзеге асырылуы мүмкін. Соған сәйкес, ұсынылып отырған мақалада білім беру саласындағы мамандардың инновациялық іс-әрекеттің мәнін түсіну үшін қажетті негізгі ұғымдар қарастырылды. Инновациялық іс-әрекет «инновацияны құру, тарату және қолдану процесі – жеткілікті жаңалыққа ие және адамның өндірістік, әлеуметтік және жеке қажеттіліктеріне қол жеткізу сапасы мен дәрежесін арттыратын жаңа өнімдер, технологиялар, ұйымдастырушылық және әлеуметтік шешімдер» ретінде қарастырылады.

Болашақ оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің табыстылығы олардың инновациялардың практикалық маңыздылығын кәсіби деңгейде ғана емес, жеке деңгейде де түсінуіне байланысты. Оқу процесінде инновациялардың таралуына байланысты болашақ мұғалімді инновациялық қызметке даярлау мәселесі туындайды, бұл білім беру мекемесінің негізінде оқу процесін жүзеге асырудың жаңа немесе дәстүрлі әдісін жетілдіру, түсіну, іздеу және іске асыру бойынша инновациялық қызметке дайындықты дамытуға ықпал ететін оқу іс-әрекетінің интегралды жүйесі.

Мақалада оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру бойынша ғылыми бағыттарға тоқталып, сонымен қатар, жоғары мектеп оқытушысының инновациялық іс-әрекетке даярлығын жетілдіру мен қалып-

тастыру жолдары ұсынылған. Авторлар танымал педагогтардың ғылыми тұжырымдарына назар аудара отырып, педагогтардың инновациялық іс-әрекетке даярлығының сипатын ұсынады. Сондай-ақ өзіндік зерттеу жұмыстарының қорытындысын ұсынады.

Түйін сөздер: инновация, іс-әрекет, педагогикалық-психологиялық даярлық, инновациялық іс-әрекет.

Н.С. Алгожаева¹, К.Б. Жумабекова¹, Г.К. Шашаева^{2*}, Р. Жәліқызы³

¹КазНУ им. аль-Фараби, Казахстан, Алматы;

²Университет международного бизнеса, Казахстан, Алматы;

³Национальная академия наук Республики Казахстан, Казахстан, Алматы.

E-mail: *rosh85@mail.ru*

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ К ИННОВАЦИОННОЙ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация. Проблема подготовки к инновационной деятельности будущих педагогов является значимой для системы высшего педагогического образования в связи с тем, что для образовательных учреждений различного уровня требуются специалисты, способные разобраться во всем многообразии происходящих инновационных процессов. Педагогу необходимо быть готовым к осуществлению инновационной деятельности, так как любые инновации в сфере образования могут быть реализованы, если они внутренне приняты и поддержаны всеми членами педагогического коллектива. В соответствии с этим в предлагаемой статье рассмотрены основные понятия, необходимые для понимания сущности инновационной деятельности специалистов в области образования. Инновационная деятельность рассматривается как «процесс создания, распространения и применения инноваций – новой продукции, технологий, организационных и социальных решений, обладающих достаточной новизной и повышающих качество и степень удовлетворения производственных, социальных и личных потребностей человека».

Успешность инновационной деятельности будущих преподавателей зависит от того, насколько они осознают практическую значимость инноваций не только на профессиональном, но и на личностном уровне. В связи с распространением инноваций в учебном процессе возникает проблема подготовки будущего педагога к инновационной деятельности, которая представляет собой интегральную систему учебной деятельности, способствующую развитию готовности к инновационной деятельности по освоению, осмыслению, поиску и реализации нового или усовершенствованию традиционного способа осуществления учебно-воспитательного процесса на базе образовательного учреждения.

В статье рассмотрены научные направления по формированию готовности преподавателя к инновационной деятельности, а также предложены пути совершенствования и формирования готовности преподавателя Высшей школы к инновационной деятельности. Авторы предлагают характер готовности педагогов к инновационной деятельности, ориентируясь на научные выводы известных педагогов. Также представляют итоги небольшой исследовательской работы.

Ключевые слова: инновация, деятельность, психолого-педагогическая подготовка, инновационная деятельность.

N.S. Algozhaeva¹, K.B. Zhumabekova¹, G.K. Shashaeva^{2*}, R. Zhalikyzy³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty;

²University of International Business. Kazakhstan, Almaty;

³National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan,
Kazakhstan, Almaty.

E-mail: rosh85@mail.ru

PREPARATION OF FUTURE TEACHERS FOR INNOVATIVE PEDAGOGICAL ACTIVITY

Abstract. The problem of preparing future teachers for innovation is significant for the system of higher pedagogical education due to the fact that educational institutions of various levels require specialists who are able to understand the diversity of ongoing innovation processes. The teacher needs to be ready to implement innovative activities, since any innovations in the field of education can be implemented if they are internally accepted and supported by all members of the teaching staff. In accordance with this, the proposed article discusses the basic concepts necessary to understand the essence of innovative activity of specialists in the field of education. Innovation activity is considered as “the process of creating, distributing and applying innovations – new products, technologies, organizational and social solutions that have sufficient novelty and increase the quality and degree of satisfaction of industrial, social and personal needs of a person.”

The success of the innovative activity of future teachers depends on how much they realize the practical significance of innovation not only on a professional, but also on a personal level. In connection with the spread of innovations in the educational process, there is a problem of preparing the future teacher for innovative activities, which is an integral system of educational activities that promotes the development of readiness for innovative activities for the development, comprehension, search and implementation of a new or improvement of the traditional way of implementing the educational process on the basis of an educational institution.

The article considers the scientific directions on the formation of the teacher’s

readiness for innovation, and also suggests ways to improve and form the readiness of the Higher School teacher for innovation. The authors suggest the nature of teachers' readiness for innovation, focusing on the scientific conclusions of well-known teachers. They also present the results of a small research work.

Key words: innovation, activity, psychological and pedagogical training, innovative activity.

Кіріспе. Жаңа талаптар заманауи жоғары кәсіби біліктілікті иемденетін педагогикалық кадрларды кәсіби даярлауды бірінші орынға шығарып отыр. Педагогикалық ғылымдар жүйесінде инновациялық іс-әрекетті талдау және зерделеу, жоғары нәтижелерге қол жеткізу, жаңа білім алу, сапалы өзге педагогикалық тәжірибені енгізу мақсатында оқу-тәрбие үдерісін өзгерту және дамыту арқылы өзінің педагогикалық тәжірибесін ұғынуға негізделген мақсатты педагогикалық қызмет ретінде анықтайды. Педагогикалық іс-әрекетке дайындық педагогтың өмір бойы қалыптасуы мен өзін-өзі дамытуының маңызды аспектісі болып табылады. Ал педагогтың инновациялық дайындығын қалыптастыру дегеніміз – әлемдік бәсекеге қабілетті білім беруді жүзеге асыратын жаңа парадигманың қоғамды дамытудағы үлесін арттыру; білім беретін оқу орындарындағы инновациялық реформаларды жүзеге асыруды жеделдету; білім беру жүйесінде инновациялық өзгерістерді, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа ақпараттық, коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану (Algozhaeva, Zhumabekova, 2021).

Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік жетістіктері, ең алдымен, олардың білім жүйесімен, азаматтардың білім деңгейімен анықталатыны белгілі. Бұл жөнінде Елбасының 2009 жылы «Инновациялар мен оқу білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» тақырыбындағы дәрісінде студенттердің жоғары деңгейде білім алуына, мамандарды дайындауда білім сапасына өте үлкен көңіл бөліну керектігін атап өтіп, жаңа формациядағы педагогты қалыптастыруға кеңес берді. Бұған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалар, соның ішінде Болон үдерісінің қарқынды дамуы дәлел (Назарбаев, 2009).

Сондай-ақ, елімізде жүргізіліп жатқан білім беруді жаңғырту бірнеше бағытқа ие, оның ең бастысы - білім берудің мақсатын, мазмұнын және технологияларын өзгерту. Бұл жағдайда заманауи білім берудің басты міндеттерінің бірі жаңа технологияларды әзірлеу болып табылады.

Зерттеуіміздің өзектілігі қазіргі білім беру саласындағы жаңа және жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер мен технологияларды жүйелі түрде бір арнаға бағыттауға мүмкіндік жасау болып отыр. Яғни, заманауи педагогтың инновациялық педагогикалық іс-әрекетке дайындығы мен практиканың қажеттілігі мен оны жетілдірудің теориялық және ұйымдастырушылық негіздерінің жеткіліксіз дамуы арасындағы қайшылықтар инновациялық қызметке дайындық компоненттерінің құрылымын, мазмұнын анықтау арқылы шешуді және осы негізде психологиялық-педагогикалық диагностиканы

қолдана отырып, кәсіби дамудың шарттары ретінде дайындық деңгейлерін анықтауды талап етеді.

Инновациялық іс-әрекет деп дәстүрлі педагогикалық практикада ерекшеленетін, білім алушының жеке басын, оған білім беру, бағыттау және дамытуды түсінудің жаңа психологиялық-педагогикалық тәсілдерін жүзеге асыратын әртүрлі инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру тәрізді іс-әрекетті ғана емес, сонымен бірге бар тәжірибені қайта ойластыру, іс-әрекеттің жаңа бағыттарын бөліп көрсету және ұғыну, инновациялық жобаларды құру және т.б. процестерді де түсіну керек. Инновациялық іс-әрекеттің мәні - қоғам өмірінің барлық салаларында жұмыс істеу тәсілдерін, тетіктерін өзгертуге және дамытуға бағытталған.

Зерттеу жұмысын жазу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау «инновациялық іс-әрекет» ұғымының біржақты түсіндірмесі жоқ екенін көрсетті. Біздің ойымызша, оны шығармашылық педагогикалық іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастырған жөн, оның барысында білім беру сапасын арттыруға бағытталған педагогикалық жаңалықтарды жоспарлау және жүзеге асыру жүреді.

Заманауи педагогтың қызметі жаңа технологияларды әзірлеуге және іске асыруға қабілетті педагогтың белсенді, шығармашылық позициясына негізделген. Жаңа білім беру парадигмасы білім ордасын дамыту жолдарын іздеуге бағыттайды, педагогтың инновациялық қызметке дайындығын дамыту аса өзекті болып табылады. Инновациялық іс-әрекетті жүзеге асыруға дайындық - заманауи білім берушінің табысты жұмысының қажетті шарты деп есептейміз. Сондықтан, бүгінгі таңда педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөліктерінің бірі олардың инновациялық қызметке қосылуы болып табылады. Соған сәйкес, мақаламыздың мақсаты – «ғылыми еңбектерге талдау жасау, болашақ педагогтардың инновациялық іс-әрекетке педагогикалық-психологиялық даярлығын қалыптастыру жолдарын ұсыну» - болып отыр.

Осы орайда жалпы оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру бойынша бірнеше ғылыми бағыттар бар. Атап айтсақ:

- оқытушының жалпы педагогикалық біліктілігі мен кәсіби сапасын қалыптастыру;

- педагогтың психологиялық-педагогикалық даярлығын жетілдіру;

- ЖОО оқытушыларының шығармашылық ізденісін ұйымдастырып, ғылыми тәжірибеге енгізу;

- оқытушылардың ғылыми-әдістемелік дайындығын жетілдіру;

- педагогикалық инновация және оны меңгеруге дайындау;

- оқытушыларды ақпараттық-педагогикалық технологияны қолдана білуге дайындау;

- оқытушылардың инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың жекелеген бағыттары;

- болашақ оқытушыны жоғары білімнен кейінгі білім беру үдерісінде инновациялық технологияны оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға дайындау.

Материалдар мен негізгі әдістер. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде «дайындық» ұғымы әртүрлі түсіндіріледі, олардың кейбірін қарастырып көрсек, дайындық адам тұлғасының жағдайы мен сапасы ретінде анықталады (И.Е. Пискарева, Н.П. Фетискин). Кәсіби білім тұрғысынан болашақ маманның іс-әрекетке дайындығы адамның кәсіби іс-әрекетті орындауға деген «көзқарасы» ретінде анықталады (М.И. Дьяченко); осы іс-әрекеттің субъектісінің қызметін орындау үшін оған қажет адами қасиеттердің жиынтығы (В.С. Лазарев); қойылған мақсаттардың тиімді орындалуын қамтамасыз ететін болашақ мамандардың психологиялық білімінің интегративті жүйесі (А.Г. Казакова).

Инновациялық іс-әрекет – педагогикалық еңбектің өнімділігін сапалы өзгертетін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгілері мен әдістерін құру үдерісі. Педагогтың инновациялық іс-әрекетінің қалыптасуы: өзінің жеке қасиеттерін есепке ала отырып, басқалардың инновациялық тәжірибесін өзгерту, жетілдіру, қабылдау қабілетімен; жаңа ғылыми идеялар мен басқалардың тәжірибесінен хабардар бола отырып, өз жұмысының нәтижесін ұғыну қажеттілігімен; жаңа ғылыми зерттеулер, олардың әдістемелік жүзеге асуын үздіксіз тәжірибеге енгізумен; педагогикалық инновацияның жаңа әдістері мен тәсілдерін өз бетінше жасаумен; педагогикалық кертартпалықпен, артта қалушылықпен белсенді күресумен сипатталады (Дьяченко, Кандыбович, 1976).

Бүгінде ЖОО оқу-тәрбие үдерісінде бірқатар кемшіліктер көрініс тауып отырғаны анық. Мәселен, кейбір оқытушылар өзіне қолайлы педагогикалық технологияны таңдауда, пайдалануда қиындықтарға кезігеді; ЖОО-ның ақпарат арналарымен қамтамасыз етілмеуі және тәжірибе алмасудың толық ретке келтірілмегендігі; инновациялық үдерістің болжамы мен сараптамасының болмауы, т.с.с.

Инновациялық іс-әрекет мәселесін түрлі тұғырлардан қарастыру 80-жылдардың соңында жүзеге асты. Ең алдымен оның мәні, өлшемдері және тәжірибесі қарастырылды (В.И. Бондарь, В.А. Кан-Калик, Т.В. Кудрявцев, Ю.Н. Кулоткин, В.П. Пархоменко, Н.В. Кухарев, Я.С. Турбовской, Ф.Ш. Терегулов, Л.М. Фридман және т.б.). Оның мынандай түрлері анықталды:

1. рационализаторлық тәжірибе (білім алушылармен жұмыс істеудің формалары мен әдістерін біріктіру және толықтыру);
2. новаторлық тәжірибе (педагогикалық еңбектің тиімділігін айтарлықтай арттыратын жаңа жұмыс түрлері мен әдістерін құру);
3. инновациялық тәжірибе ғылымдағы жаңа идеялар, жаңа мазмұн, жаңа формалар мен әдістер мазмұндық байланысын жүзеге асыру.

Айтылғандарды ескергенде, педагогтың өнімді инновациялық іс-әрекетінің көрсеткіштері ретінде төмендегілерді атауымызға болады:

- педагогикалық еңбектің тиімділігі (Нәтижеге жетуде педагогтың уақыты мен еңбек күшін айтарлықтай аз жұмсауы, білім алушылардың өз белсенділіктерін айтарлықтай жоғары дәрежеде арттыру, ЖОО мен ата-аналар, жұртшылық пен ЖОО-ң ынтымақтастығын қамтамасыз ету);

- оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың педагогикалық талаптары мен бағыттарының бірлігі (Педагогикалық талап пен бағыттың бірлігі білім алушылар өздерінен талап ететін нәрсенің бәрін тез меңгеретін, тұрақты педагогикалық бақылау үшін алғы шарттар жасалады, онда пайдалы әдістер, шеберлік пен дағды, пайдалы өмір бейнесі нәтижелі қалыптасады);

- тұлғаның шығармашылық қасиеттерінің қалыптасқандығы;

- студенттердің жұмыс қабілетінің шабыт, тұрақты ықылас, құмарлық, жаңаны іздеуге деген сүйіспеншілік, өзінің мүмкіндіктері мен қабілетіне жол ашу есебінен тиімді дамуы;

- педагог беделінің өсуі (оқушылар тарапынан құрмет және пәнге деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің көрінуі, достастыққа деген дайындық);

- білім алушылардың белгілі бір мәселені талдау тәсіліне, диалектикалық ойлауға үйренгендігі, яғни бәрінен бұрын шығармашылық ойлауының дамуы;

- оқыту мен тәрбиелеудегі зерттеу тәсілінің педагогикалық қызмет үлгісіндегі жаңалық ашулары.

Сонымен қатар, инновациялық үдерістер, басқару мәселесі педагогикалық инноватиканың құрылымында негізгі түйін болып табылады. Аталмыш мәселе көптеген ғалымдардың іргелі еңбектерінде зерттелген. Мәселен, Республикамызда педагогикалық инноватиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеген К. Ажибеков, Б.Р. Айтмамбетова, К.Ж. Бұзаубақова, К. Құдайбергенова, С.Н. Лактионова, А.К. Мынбаева, Т.А. Линчевская, Ш.Т. Таубаева, М.А. Шкутина секілді педагогтардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Ғалымдардың еңбектерін талдау болашақ маманның инновацияға дайындығы адамның өзара байланысты психологиялық ерекшеліктері мен адамгершілік қасиеттерін, әлеуметтік-құндылық мотивтерін, мінез-құлық тәсілдерін, арнайы кәсіби білімдерін, білімдері мен дағдыларын біріктіретін күрделі психологиялық-педагогикалық құбылыс екенін анықтауға мүмкіндік берді. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет – қазіргі жоғары мектептің даму жолының бір аспектісі. Инновациялық іс-әрекет әлеуметтік-экономикалық жағдай тудырған басқа білім беру саласынан белгілі бір стандарттың межесінен ауытқу мен балама жүйе енгізу шараларын атқарады. Инновациялық іс-әрекет жаңалықтарды ойлап шығару, зерттеу, қолданысқа дайындау, іс жүзінде пайдалану сияқты үдерістермен сипатталады.

Инновациялық іс-әрекеттің стилдерін анықтап зерттеуге үлесін қосқан ғалымдар Е.А. Калимов, А.Н. Маркова, В.А. Слостенин, В.Д. Шадриков, Л.С.Подымова, О.А. Ермакова (Подымова Л.С., Ермакова О.А., 2010) еңбектерінде оқытушының инновациялық әрекетінің стилдік ерешелігін анықтау былайша сипатталған:

- әрекет стилі субъектінің тұлғалық дара ерекшеліктері мен әрекет ерешеліктерін біріктіретін интегративті сипатта болады;

- инновациялық әрекет құрылымы мотивациялық, креативті, операциялық және рефлексивті құрамдас бөліктерден тұрады;

- іс-әрекеттің индивидуалды стилінің құрылымы мазмұндық, динамикалық және нәтижелік сипаттардан құрылады;

- инновациялық стиль – бұл тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін ашуға және оның әрекетті жүзеге асырудың жеке тәсіліне айналуын қамтамасыз ететін педагогикалық іс-әрекеттің пәндену үдерісі;

- инновациялық әрекет стилі субъектінің жаңаны ойлап табу қабілетін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге дайын «жаңалықтың» қайта құрылуын, модификациясын және оның жүзеге асуын сипаттайды.

Инновациялық іс-әрекеттің эмпирикалық әдістерін атап өтсек: әдебиеттерді зерделеу; бақылау; сауалнама және бағалау әдісі. Сонымен қатар, инновациялық іс-әрекеттің кешенді әдістері; педагогикалық эксперимент; педагогикалық тәжірибені зерттеу мен жалпылау; дидактикалық жаңаны ендірудің ғылыми негізін құру әдісі; инновациялық басқару әдістерін айтамыз.

Бұл жердегі дидактикалық жаңаны ендірудің нәтижелерін бағалау мен талдау әдістеріне: тестілеу; талдау; статистикалық өңдеу әдісі. Инновациялық іс-әрекеттің шығармашылық әдістері: жеті есе іздеу стратегиясы; кездейсоқтық әдісі; тапсырмаларды шешу теориясы; инновациялық ойын.

В.С. Лазарев бойынша, оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығын құрайтындар:

- сол іс-әрекетке қатысу түрткісінің болуы;

- білім берудің инновациялық үлгілері, технологиялары, ЖОО–дағы білім беру нәтижесінің қазіргі уақыттағы талаптары туралы білімдер кешені;

- педогогикалық инноватика аймағындағы біліктілік.

Түрткі адам іс-әрекетіне мән береді. Түрткінің мазмұнына байланысты инновациялық іс-әрекет әр адамда әртүрлі мәнге ие болады. Мотивацияның болмауы оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығының жоқтығын көрсетеді. Инновациялық іс-әрекетке даярлықтың жоғары деңгейіне кемелденген мотивациялық құрылым тән, онда өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту құндылықтары негізгі рөл атқарады. Жоғары шеберлікке жетуге ұмтылатындар оған жету жолын өзіне, жетістіктеріне деген сыни көзқарас арқылы, өз тәжірибесін дамыту жолы мен құралдарын іздеу арқылы екендігін түсіну керек. Инновациялық іс-әрекетке қатысуды өзіне құндылық ретінде түсінбей, бұл іс-әрекетке даярлықтың да болуы мүмкін емес.

Даярлықтың қарастырылып отырған екінші құрамдас бөлігі - білім берудің инновациялық үлгілері, технологиялары, ЖОО–дағы білім беру нәтижесінің қазіргі уақыттағы талаптары туралы білімдер кешені. Оқытушының мәселеге сезімталдығы оның жоғары білім беру мақсатын қалай түсінетініне байланысты анықталады, сол арқылы ол өз жұмысына қойылатын талаптарды меңгереді егер бұл талаптар жоғары стандарттарға сай келмесе, оқытушы өз жұмысының нәтижесін көре алмайды.

Бірақ, инновациялық білім беру үлгілерін, бағдарламаларын, технологияларын білу жеткіліксіз. Оқытушы өз мүмкіндігін толық біліп, дұрыс таңдау жасай алу үшін, оларды тиімді қолданудың жағдайын жақсы түсінуі керек. Кез-

келген іс-әрекет өзекті болып қана қоймай, сол ЖОО-дағы шынайы жағдайға сәйкес болуы керек.

Оқытушының инновациялық іс-әрекетке даярлығының үшінші компоненті – инноватика аймағындағы біліктілік. Бұл аспектідегі инновациялық іс-әрекетке жақсы даярланған оқытушы:

- педагогикалық инноватикадағы түсініктер кешенін меңгереді;
- білім беру мекемелеріндегі инновациялық іс-әрекет орны мен маңызын және оның оқу-тәрбие жұмысымен байланысты түсінеді;
- новатор-оқытушылардың тәжірибесін зерттей алады;
- педагогикалық жүйелерді, оқу бағдарламаларын, технологияларын және оқытудың дидактикалық құралдарына сыни талдау жасай алады;
- білім беру үдерісін жетілдіру бойынша инновациялық ұсыныстарды өңдеп, негіздей алады;
- жаңалықты ендіру жобаларын құрастырады;
- эксперименталды жұмыстың мақсатын қойып, оны жоспарлайды;
- ЖОО инновациялық іс-әрекет жүйесін талдап, бағалай біледі;
- өзін инновациялық іс-әрекет субъектісі ретінде талдап, бағалай біледі.

Аталған көрсеткіштерді басшылыққа ала отырып, заманауи мүмкіндіктерді ескеру барысында ЖОО білім алушылармен инновациялық іс-әрекетке даярлықтың педагогикалық-психологиялық қырын зерттеуге тырыстық.

Нәтижелер мен талдау. Жаңа білім беру үлгілерінің өрістеуі жаңа типтегі университеттердің пайда болуына алып келді. Жаңа типтегі университеттердің пайда болуы университеттің педагогикалық жүйесінің ауқымы және күрделілігі жағынан түрлі өзгерістерді айқындайды. Жаңаны ендіру типінің кең тараған түрі білім беру бағдарламаларының мазмұны немесе технологияларының өзгерісі болып табылады. Олар былайша ерекшеленеді: негізгі мақсат пен міндеттеріне байланысты; сүйенетін тұжырымдамасына байланысты; қолданылатын оқытуды ұйымдастыру формасына байланысты; оқыту әдістерінің басымдығына байланысты (Селевко, 1988). Сонымен қатар, көптеген диагностикалық технологиялар қолданылуда (мониторинг, тестілеу, сауалнама, рейтингтер және т.б.).

Қазіргі таңда инновациялық технологиялардан кеңінен танымалдық танытқан ойын технологиялары, мәселелік оқыту, жеке оқыту технологиясы, өзін-өзі дамыту технологиясы, тұлғалық бағдарланған дамыта оқыту технологиясы, шығармашылық қабілеттерді дамыту технологиясы, топтық және ұжымдық технологиялар, компьютерлік технологиялар және т.б.

Аталған технологиялар аясында жаңа оқыту әдістемелері, соған сәйкес студенттердің белсенділігін арттыратын әдістер мен жүзеге асыру формалары кеңінен қолданылып, тіпті білім алушылардың болашаққа бағдар жасап, өз мамандықтарына сүйіспеншіліктерін арттыруға жол ашуға мүмкіндік тудырып жатады. Әрине бұл да өз алдына қуантарлық жетістік.

Инновациялық технологияларды үздіксіз жетілдіру мақсаты белгілі бір стратегиялар, тұжырымдамалар мен нормалардың қабылдануымен жүзеге

